

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының көлік мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заң жобасын талқылауға арналған дөңгелек үстел

Құрметті депутаттар!

Құрметті осы дөңгелек үстелге қатысушылар!

Слайд 1

Ең алдымен, осы отырысқа жиналғандарды Заң жобасын талқылауға белсене қатысқандары үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Жұмыс тобының бұдан бұрынғы отырыстарында талай өзекті мәселе көтерілген болатын. Әрине, әркім өзінің түрлі пікірлерін ортаға салды.

Осы дөңгелек үстелді өткізу арқылы көп мәселе жөнінде ортақ пікірге келеміз деген ойдамын.

Слайд 2

Көлік саласының дамуы өндіріс көлемін ұлғайтуға, тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған.

Көлік саласында елеулі өзгерістер болды және олар жалғасуда. Ол өзгерістер тасымал рыногына қатысушылар мен мемлекеттің арақатынасының моделіне байланысты. Сол сияқты, бәсекелестікті, бизнес, қоғам және көлік қызметін пайдаланушылардың өзара қарым-қатынасын дамыту қажеттігіне байланысты мәселелер.

Инфрақұрылым нысандары мен көлік құралдары паркінің тозуы 40-60 пайыз аралығында. Олардың көпшілігі өткен ғасырдың 80-ші, 90-шы (сексенінші-тоқсаныншы) жылдары пайдалануға берілген болатын.

Парктің тозуы, олар моральдік және физикалық жағынан заман талабына сәйкес келмейді.

Тұрғындардың ең көп пайдаланатыны – жолаушы тасымалы. Сондықтан тасымал қауіпсіздігі – бүгінгі күнгі ең өзекті мәселе.

Слайд 3

Осыған байланысты осы Заң жобасы әзірленген болатын. Оның негізгі идеясы – көлік заңнамасын жетілдіру және оны заман талабына келтіру.

Ұсынылған өзгерістер жайында әр сала бойынша қысқаша баяндауға рұқсат етіңіздер

Автомобиль көлігі саласы бойынша

Слайд 4

Бүгінгі күнге автовокзалдардың үштен бірі (35 пайыз) және автостанциялардың жартысынан астамы (52 пайыз) белгіленген талаптарға сай келмейді.

Автобустарды жөнелтетін кездейсоқ орындар пайда болуда. Олардың саны автовокзалдар санының 30 пайызын құрайды.

Мұның сыртында такси инфрақұрылымы нашар дамыған.

Бұндай жағдай автовокзалдар, автостанциялар мен тасымалдаушылар қызметі сапасының нашарлауына әкеп соғуда.

Слайд 5

Жағдайды жақсарту мақсатында заң жобасы бойынша автовокзал мен автостанциялар, автобус және таксимен тасымалдаушыларға бірыңғай стандарттар енгізу ұсынылады. Сонымен бірге, автовокзалдар, автостанциялар мен такси қызметін ұйымдастыру функцияларын жергілікті атқару органдарына бекіту қажет.

Мұның сыртында, автобус жолаушыларына қолайлы болу үшін электронды билет сатуды дамыту нормасы енгізіледі.

Сонымен қоса, автостанциялары жоқ елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсететін тораптар жүйесін дамыту жоспарлануда.

Такси тасымалын дамыту мен оның сапасын жақсарту үшін жергілікті атқару органдары такси тұрақтарын жасақтау және диспетчерлік қызмет нормалары енгізіледі.

Слайд 6

Қазақстанда, басқа да көптеген елдер сияқты, автомобиль жолдын сақау мақсатында ірі габаритті және ауыр жүк көліктері қозғалысын заңнама арқылы шектеу шаралары қолданылады.

Алайда, көлікті бақылау бекеттері республика жолдарындағы көлік ағынының 30 пайызын ғана тексереді.

Осыған байланысты салмақ өлшеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу ұсынылады. Бұл жүйе автомобильдердің толық массасы мен білікке түсетін жүктемені көлік жүріп бара жатқанда өлшеуге мүмкіндік береді.

Бұл жүйе бақылауды толық автоматтандырып, сыбайлас жемқорлықты азайтып, жүк автокөліктерін 100 пайыз есепке алуға, сонымен бірге жүк жеткізу мерзімін қысқартуға, тасымалдың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Слайд 7

Бұл сонымен қоса ірі габаритті автокөліктердің жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру процедурасын жеңілдетеді. Онда да салмақ және габарит параметрлерін сақтамайтындарға айыппұл санкцияларын 200-ден 1000 айлық есептік көрсеткішіне дейін ұлғайтылады (қазіргі айыппұл 5-50 айлық есептік көрсеткіш).

Слайд 8

Сонымен бірге, Парламент Мәжілісі депутаттарының ұсынысы бойынша автожолдарды сақтау мақсатында жалпы пайдаланыстағы автожолдар арқылы карьер самосвалдарының жүк тасуына тиым салу ұсынылады.

Слайд 9

Мұның сыртында, Мәжілістің Жұмысшы тобы автобус тасымалына онлайн режимінде мониторинг жүргізу, сол сияқты Авария мен апатқа байланысты жедел шақыру жүйесін енгізу арқылы жол-көлік оқиғаларының ауыр салдарын қысқартуға байланысты түзетулер енгізілді.

Темір жол көлігі саласы бойынша

Слайд 10

Темір жолдың қазіргі жай-күйіне келетін болсақ, тұтынушылардың жеткізу мен сапа жөніндегі талаптары мен активтері тозығы жеткен, қазіргі рынок жағдайына сай келмеуі арасында сәйкессіздік орын алуда.

Осыған байланысты темір жол саласының жаңа мақсатты моделін жасау ұсынылады.

Саланың мақсатты моделі «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамын қайта құрылымдауды ұсынады. Ол үшін табиғи монополия болып есептелетін магистральді темір жол торабы мен бәсекелестікке бейім тасымал қызметін бір бірінен ажырату қажет.

Яғни, заңнамалық деңгейде ұлттық жүк және жолаушы тасымалдаушылардың статустары бекітіледі.

Мемлекетіміз Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында барлық елдер субъекттерінің қызметін құқықтық негізде реттеу жөнінде белсене жұмыс жасауда. Атқарылып жатқан шаралар темі жол саласын қайта құрылымдауды талап етуде. Осыған байланысты заң жобасына халықаралық нормалар мен ұлттық заңнамаларды үйлестіру нормалары енгізілген.

Слайд 11

Депутаттар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында темір жол көлігінде жүктерді лицензиялау мәселесін көтерді. Ол ұсынысты Үкімет жанындағы ведомствоаралық комиссия мақұлдады.

Заң жобасы вокзал иелерін мүгедектер мен тұрғындардың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін жағдай жасау міндеттерін белгіледі. Ол үшін арнайы құрылғылар мен тәсілдер енгізіледі (дыбыс күшейткіштер, анықтама таблолары, Брайль әліппесімен ақпарат беру).

Жолаушылар тасымалына байланысты жағдайға сәйкес депутаттар билеттердің балама сатылуын ұйымдастыру, сол сияқты билеттерді қайта сататындардың жауапкершілігін қатаңдату шараларын ескеру ұсыныстары жасалды.

Слайд 12

Қазақстанда билеттерді электрондық жолмен сату кейінгі 2-3 жылда дами бастады. Жолаушылар тасымалдауда осы бағытта бірталай жобалар енгізілді. Айталық, билеттерді сатуды Интернет арқылы сатудың электронды порталын, өзіне өзі қызмет етудің транзакциялық және төлем терминалдарын ашу, сонымен бірге пойыздарға жолаушылардың отыруын автоматтандырылған бақылау қызметі енгізілді.

Жалпы 2012 жылы электронды билет сату 2011 жылмен салыстырғанда 10 есе артты. Бір жылда 1 млн. билет тіркелді.

Су көлігі саласы бойынша

Слайд 13

Бүгінде отандық су кемелер тек қана мұнай өнімдерін тасымалдайды. Құрғақ және паромдық жүктердің барлығын шетелдік компаниялар тасымалдайды.

Қазіргі уақытта Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында паромдық паркті ұлғайту жобасы іске асырылуда.

Отандық сауда флотының бәсекелестік қабілетін арттыру мақсатында «кемелердің халықаралық реестрі» институтын енгізу ұсынылады. Ол арқылы отандық

тасымалдаушыларға салық және баж артықшылықтарын беріледі.

Слайд 14

Бүгінгі күнге жүзу құрамында екі мыңға жуық адам бар. Оның ішінде Қазақстан азаматтары 50 пайыздан артық емес. Ал командалық құрамдағылар саны небәрі 28 пайыз ғана. Жалпы 900 маман жетіспейді.

2007-2012 жылдар аралығында шетелдік оқу орындарында 470-тей теңізшілер даярланды. 2012 жылы Қазақстан-британ техникалық университетінің теңіз академиясы және Ш.Есенов атындағы университет базаларында алғаш рет халықаралық класстағы теңізшілер даярлау қолға алынды.

Кадрлар тапшылығы мәселесін шешу және оқыту сапасын бақылау жүйесін құру мақсатында білім беруді сертификаттауды енгізу ұсынылады. Сонымен бірге кеме иелерін курсанттардың практикадан өткізуді міндеттеу енгізілуі керек.

Слайд 15

Негізгі мәселелердің бірі – Порттың теңіз әкімшілігінің болмауы. Қазіргі уақытта бұл мәселені бар штат саны мен министрліктің қаржысынын шешу мүмкіндігі қарастырылуда.

Азаматтық авиация саласы бойынша

Авиатасымалдауда сапалы қызмет алу жөніндегі жолаушылардың құқығын қорғау мақсатында рейстер

тоқтатылуы мен кешігуіне байланысты жолаушыларға көрсетілетін қызмет жөніндегі міндеттерін орындамаған жағдайда авиатасымалдаушының әкімшілік жауапкершілігін белгілеу ұсынылады.

Сонымен бірге қызмет көрсету сапасын арттыру үшін аэровокзалдардың жұмысын регламенттеу ұсынылады. Онда да жолаушыларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға, сапалы және қауіпсіз қызмет көрсетудің міндетті шарттарын белгілеу қажет.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетудің маңызы зор. Бұл жөнінде ИКАО осы органдарға талаптарын күшейте түсуде.

Осыған байланысты әуе қозғалысында диспетчерлік қызмет көрсету органдарын сертификаттауды енгізу ұсынылады.

Бұның сыртында депутаттар инспекторлардың статусын заң деңгейінде бекітуді ұсынды. Бұл ұшу қауіпсіздігін қадағалау мен бақылауды күшейте түседі. ИКАО аудитінің ескертпесінде қадағалау мен бақылауды ұйымдастырудың жеткіліксіз екендігі айтылған болатын.

Сонымен бірге, әуежайлардағы қауіпсіздіктің маңызы кем емес. Қазақстан Республикасында әуежайлардың құрамына авиациялық қауіпсіздік қызметі кіреді. Ол қызмет

азаматтық авиация объектілерін заңсыз араласу актілерінен қорғайды. Әуе кемесін басып алған жағдайда бұл қызмет алғашқы оқшаулау жасайды, террористерді ұстау мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі және Төтенше жағдайлар министрлігінің шұғыл топтары келгенше әуе кемесінің ұшу мүмкіндігін шектеу шараларын қолданады.

Осыған байланысты авиациялық қауіпсіздік қызметіне атыс қару-жарағын алу, сақтау және пайдалану құқығын беру ұсынылады.

Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы

Слайд 17

Көлік жүйесін дамыту оның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Оның ішінде олардың қызметіне заңсыз араласу актілерінен қорғану мәселелері бар (террористік, диверсиялық және басқа тосын қимылдар).

Сарапшылардың талдаулары бойынша террорлық акциялардың 40-тан 70 пайызға дейінгісі көлікте немесе көлікті пайдаланып өткізіледі.

Көлік инфрақұрылымы объектілерінің қауіпсіздігіне әсер ететін жағдайлардың негізгісі – заңсыз араласу мүмкіндігін шектеудің тиімді жолдарын енгізу болып саналады.

Осыған байланыста, заң жобасында теміржол және автовокзалдарда тексеріс жүйесін сонымен бірге

тасымалдаушыларды құқық қорғау органдарына рәсімделген және брондалған билеттер жөнінде мәлімет беруді міндеттеуді енгізу ескерілген.

Депутаттар алдын-ала тексерісті өткізуді ішкі істер органдарына жүктеуді, сонымен қатар барлық көлік түрлері жолаушылары деректерінің автоматтандырылған базасын жасауды ұсынған болатын (Бұл мәселені Республикалық бюджеттік комиссияға енгізу қажет).

Құрметті депутаттар!

Заң жобасын әзірлеуде біз көлік қызметінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру қажеттілігін, транзиттік әлеуетті дамыту, заманға лайық тұрақты және орнықты инфрақұрылым құруды басшылыққа алдық.

Жалпы осы заң жобасын қабылдау көлік жүйесінің бәсекелестікке қабілетін арттырады және саланың одан әрі дамуына қосымша екпін беретін болады деп есептейміз.

Назарларыңызға рахмет!